

**АСТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ӨНІМДЕРІНІҢ НАРЫҒЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**GRAIN AND PROCESSED GRAIN PRODUCTS MARKET:
TOPICAL ISSUES AND WAYS OF THEIR SOLUTION**

**РЫНОК ЗЕРНА И ПРОДУКТОВ ЕГО ПЕРЕРАБОТКИ:
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

A.S. БЕЛЬГИБАЕВА *¹

э.ф.к., доцент

I.D. АШИМОВА¹

э.ф.к., доцент

N.V. КУЛИШ ²

э.ф.к., доцент

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

² Ставрополь мемлекеттік аграрлық университеті, Ставрополь, Ресей

*автордың электрондық поштасы: anargul.belgibayeva@mail.ru

A.S. BELGIBAYEVA *¹

C.E.Sc., Associate Professor

I.D. ASHIMOVA¹

C.E.Sc., Associate Professor

N.V. KULISH²

C.E.Sc., Associated Professor

¹ Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

² Stavropol State Agrarian University, Stavropol, Russia

*corresponding author e-mail: anargul.belgibayeva@mail.ru

A.S. БЕЛЬГИБАЕВА *¹

к.э.н., доцент

I.D. АШИМОВА¹

к.э.н., доцент

N.V. КУЛИШ ²

к.э.н., доцент

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

²Ставропольский государственный аграрный университет, Ставрополь, Россия

*электронная почта автора: anargul.belgibayeva@mail.ru

Аңдатпа. *Мақсаты* – астық және оны қайта өңдеу өнімдері нарығының ағымдағы жай-күйін бағалау, оның жұмыс істеу ерекшеліктері мен одан әрі даму перспективаларын айқындау. *Әдістері* - экономикалық–статистикалық және аналитикалық болып табылады, бұл елдің астық өнімдерінің қосалқы кешенінде орын алатын негізгі тенденцияларды анықтауға, ресурстардың балансын құруға, сондай-ақ дәнді дақылдар мен астық өнімдерін пайдалануға мүмкіндік берді. *Нәтижелері* - осы проблеманы зерделеу процесінде өз өнімі көлемінің қысқаруы нәтижесінде астық балансының ресурстық бөлігі және оны талданып отырған кезеңде қолданудың төмендегені анықталған. Қазақстандағы астық нарығы экспортқа бағдарланған. Талдау республикада дәнді дақылдар мен оларды қайта өңдеу өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз етудің жоғары деңгейін куәландырады. Астық өнеркәсібі ішкі нарықтың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыратыны, сол арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінің өсуіне ықпал ететіні анықталған. Ұн өндірісі мен экспорты көлемінің қысқаруының теріс үрдісі анықталған. Астықты қайта өңдеу қуаттарының болуы және нақты пайдаланылуы талданған. Авторлар ықтимал өңдеу көлемінің нақты көрсеткіштерден едәуір асып кетуін атап өтеді. Экспорттаушы елдер бөлінісінде ұн экспорты бойынша мәліметтер келтірілген. Астық өнімдері нарығының экспорттық әлеуетіне бағалау жүргізілген. Қазақстанның астық пен ұн экспортының айтарлықтай резервіне ие екендігіне баса назар аударылған. *Қорытындылар* -

жинау бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында ғана емес, әлемде де көшбасшы орындардың бірін алады [2]. Қазақстан бидайдың ірі экспорттаушыларының бірі болып табылады және әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді. Шет елдеріне жыл сайын егіннің үштен бірінен астамы жіберіледі. Айта кету керек, астық мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі өнім болып табылады [3].

Алайда, елдің агроөнеркәсіптік кешеніндегі жағдай негізді түрде наразылық туғырады. Соңғы бес жылда АӨК-не 2,4 трлн. теңгеден астам, қаражат бағытталғанына қарамастан, елдің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 4,5%-дан аспайды. Экспорттық әлеуетті ашу мүмкін болмады [4]. Осыған байланысты мемлекет Басшысы негізгі міндеттердің бірі ретінде АӨК өнімдерінің экспортын екі есе арттыруды белгіледі [5].

Азық-түлік өнімдерінің неғұрлым сұранысқа ие түрлеріне баса назар аудара отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын дамыту мақсатында алдағы кезеңде бәсекеге қабілетті өнімді бастапқы қайта өңдеуді өндіру, сақтау және өткізу үшін қолайлы жағдайлар мен инфрақұрылым құру арқылы ауыл шаруашылық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдаумен барынша қамтуды қамтамасыз ету қажет [6].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының материалдары, қолданыстағы заңнамалық-құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар, ғылыми әдебиеттер, мерзімді баспасөз материалдары құрады. Бастапқы мәліметтер ретінде 2017-2020 жылдардағы саланың даму көрсеткіштері пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасы ретінде астық нарығының және оны қайта өңдеу өнімдерінің жұмыс істеу мәселелерін зерттеумен байланысты ғалым-экономистердің еңбектері болып табылды.

Бұл жұмыстарда астық өнімдері нарығының жай-күйі мен жұмыс істеу ерекшеліктері көрсетілген. Бұл еңбектер астық және астық өнімдері нарығының қалыптасу деректерін және сыйымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Жарияланым бойынша жұмыс процесінде мынадай зерттеу әдістері пайдаланылды: экономикалық-статистикалық – елдің астық өнімдері нарығында орын алған

негізгі тенденцияларды айқындау кезінде; абстрактілі-логикалық - астық және оны қайта өңдеу өнімдері нарығының тиімді жұмыс істеуіне байланысты мәселелерді анықтау және белгілеу кезінде; баланстық және аналитикалық әдістер – астық және оны қайта өңдеу өнімдері ресурстары мен пайдалану балансын құру және талдау кезінде.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Елдің аграрлық азық-түлік нарығының негізгі сегменті болып астық және оны қайта өңдеу өнімдері нарығы табылады.

Астық өнімдері нарығы өндірушілер мен тұтынушылардың (сатушылар мен сатып алушылардың) өндіріс көлемі мен құрылымын, сондай-ақ өнімнің сапасы мен бағасын белгілеуге қатысты өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін астық ресурстарын, бастапқы және қайталама қайта өңдеу ресурстарын ұтымды қалыптастыру мен бөлудің біртұтас серпінді жүйесін білдіреді [7].

Астық және оны қайта өңдеу өнімдері дәстүрлі түрде адамдардың азық-түлік өнімдерінің негізгі тобын және мал шаруашылығында мал азығын құрайды. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің негізі отандық ауыл шаруашылық өндірісі болып табылады. Отандық азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз етудегі нарықтық реформалар нәтижесіндегі болған өзгерістер астық, тамақ өнімдерін өндіру процестерін басқаруды жетілдіру, оның ішінде оның тамақтану деңгейі мен сапасын арттыру шеңберінде ел халқын нан өнімдерімен жабдықтау қажеттілігін өзектендіреді [8].

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде астық нарығын өзіндік өндірісі есебінен қанықтыру бірінші кезектегі маңызға ие. Бұл мынадай жағдайларға байланысты: біріншіден, нан – негізгі тамақ өнімдерінің бірі; екіншіден, астық мал шаруашылығы жемшөп ресурстарының елеулі бөлігін құрайды және тамақ пен қайта өңдеу өнеркәсібі үшін шикізаты болып табылады; үшіншіден, астық өндірісі – ауыл шаруашылығы тауарөндірушілер кірістерінің маңызды көзі болып саналады.

Ресурстар мен өнімді пайдалану балансы астық нарығының сыйымдылығы мен қалыптасу көздерін объективті бағалауға мүмкіндік береді (1 кесте).

Ресурстар және астықты пайдалану балансының ресурстық бөлігі 3 975,8 мың тоннаға (немесе 10,8%-ға) төмендегенін айғақтайды, бұл талданып отырған кезеңдегі жыл басындағы қорлардың 4 400,6 мың тоннаға қысқаруының салдары болды.

Ресурстар және астықты қайта өңдеу өнімдерін пайдалану балансының ресурстық бөлігі төмендеудің тұрақты тенденциясы байқалады. Осылайша, ұн өндірісін 390,1 мың тоннаға қысқарту нәтижесінде, ресурстық бөлік 413,6 мың тоннаға (немесе 9,2%-ға) төмендеді.

Баланстың ресурстық бөлігінде ұн өндірудің үлес салмағының 2018 жылғы 89,8%-дан 2020 жылғы 89,4%-ға дейін қысқарғанын, сонымен бір мезгілде импорт үлесінің 2018 жылғы 3,0%-дан 2020 жылы 3,8%-ға дейін өскенін атап өтуге болады.

Астықты қайта өңдеу өнімдерін пайдаланудағы негізгі үлес салмағы экспортқа

тиесілі. Талданып отырған кезеңде ұн экспортының көлемі айтарлықтай қысқарды (720,5 мың тоннаға немесе 30%-ға). Астықты қайта өңдеу өнімдерін пайдаланудың жалпы көлеміндегі ұн экспортының үлес салмағы 7,7%-ға қысқарды (2018 жылғы 53,5%-дан 2020 жылы 45,8%-ға дейін).

Астық және оны қайта өңдеу өнімдері нарығының ерекшелігі өзін-өзі қамтамасыз етудің жоғары пайызы болып табылады. 2020 ж. астықты қайта өңдеу өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету пайызы 189,3%-ды құрады. Бүгінгі таңда Қазақстанда жылына 9,5 млн тонна астық өңдейтін қуаттарымен қамтамасыз етілген (3 кесте).

3 кесте – Астық өңдеу бойынша қуаттарды пайдалану, мың тонна (2017-2020 жж.)

Жыл	Есепті жылында қолданыста болған орташа жылдық қуаты	Өнім шығару немесе қайта өңделген шикізат мөлшері	Есепті жылында орташа жылдық қуатты пайдалану, %
2017ж.	9 797, 0	3 682, 113	37,6
2018ж.	10 052, 654	3 615, 297	36,0
2019ж.	10 469, 418	3 054, 142	29,2
2020ж.	9 540, 371	3 141, 503	32,9

Ескерту: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған, 2017-2020 жж. [10]

Алайда, іс жүзінде қайта өңдеу көлемі ықтимал мүмкіндіктен әлдеқайда аз. Мәселен, 2020 жылдың қорытындысы бойынша елде 3 млн тоннадан астам ұн өндірілді, яғни астықты қайта өңдеу бойынша орташа

жылдық қуатты пайдалану пайызы 32,9%-ды құрады. 2020 жылы экспортқа осы көлемнен 1,7 млн тоннадан астам ұн жөнелтілді, яғни барлығы 55,5% (4 кесте).

4 кесте – Өңделген астық көлеміндегі экспорттың үлес салмағы, 2017-2020 жж., %

Жыл	Өнім шығару немесе қайта өңделген шикізат мөлшері	Астықты қайта өңдеу өнімдерінің экспорты	Өңделген астық көлеміндегі экспорттың үлес салмағы, %
2017ж.	3 682, 113	2 389,0	64,9
2018ж.	3 615, 297	2 400,2	66,4
2019ж.	3 054, 142	1 679,7	55,0
2020ж.	3 141, 503	1 742,6	55,5

Ескерту: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған, 2017-2020 жж. [қараңыз 10]

Ұн экспортының көлемін 2017 ж. 2 389 мың тоннадан 2020 ж. 1 742,6 мың тоннаға дейін (64,9%-дан 55,5%-ға дейін) қысқартудың тұрақты тенденциясы байқалады.

Мемлекет астық пен ұн экспорты бойынша айтарлықтай әлеуетке ие. Қазақстанда жыл сайын кемінде 12-14 млн тонна бидай өндіріледі. Азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келтірместен шамамен 2,5-3 млн тонна астықты терең қайта өңдеу өнімдерін өндіру үшін пайдалануға болады. Атап айтқанда, 3 млн тонна бидайды өңдеу, 1,7 миллион тонна крахмал, 277,2 мың тонна глютен, 690 мың тонна кебек алуға мүмкіндік

береді. 2019 жылы бидайдың барлық экспортының құны 2018 жылғы құннан 20,1%-ға асып түсті, ұн жеткізу тоннамен 30%-ға төмендеді [қараңыз 1].

5 кестеде ТМД елдеріне және әлемнің басқа елдеріне ұн экспорты туралы мәліметтер келтірілген.

Ұнның экспорты ТМД елдеріне (Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Молдова Республикасы, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина және Өзбекстан), сондай-ақ Румыния, Біріккен Араб Әмірліктері, Польша, Ауғанстан, Қытай, Грузия, Ирак, Моңғолия сияқты елдерге жүзеге асырылады.

тарту саласын дамытудың артықшылығын түсінген көрші елдердің ҚР ұнына тосқауыл тарифтер мен баждарды енгізуі болды.

Ауғанстан мен Тәжікстанның мысалында көрші мемлекеттер кедендік баждардың және өз диірмендерінің қарқынды құрылысының арқасында жалпы астық экспортында әкелінетін ұнның үлесін азайта алғанын көруге болады [14].

Қазақстан әлемдік мұхитқа шыға алмайтын астық пен ұнның жалғыз ірі экспорттаушысы болып табылады. Тиісінше, күрделі логистика, жоғары тарифтер мен жеткізу ұзақтығы өнімді қымбат етеді және әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Әлемдік нарықтардан алшақтығы және теңіз порттарына тікелей қолжетімділіктің болмауы қазақстандық астық пен ұн экспорты үшін логистикалық мәселенің сыни маңыздылығын айқындайды [қараңыз 1].

Республикада бәсекеге қабілетті өнім жасап қана қоймай, оны шетелдік нарықтарға одан әрі жылжыту мәселесі тұр. Жақын көршілермен сауданы дамыту және экспорт көлемін ұлғайту мақсатында ЕАЭО мемлекеттерінің нарықтарына неғұрлым белсенді шығу қажет, өйткені неғұрлым алыс бағыттарда тиіп-жөнелтуді тежейтін негізгі факторы логистика болып табылады.

Логистикадағы, шикізат пен ұнды тасымалдаудағы қазіргі проблемаларды шешу және ұн тарту саласын дамытуды қолдау үшін экспортқа бағдарланған өнімді мемлекеттік реттеу, оның ішінде ұн тарту саласын қолдаудың экспорттық саясаты мен Жол картасын әзірлеу қажет.

Қазақстанның экспортқа бағдарланған өнімін мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығы өндірісіндегі еңбек өнімділігін 2,6 есеге, тиісінше жалпы өнімнің нақты көлемінің индекстерін – 1,4 есеге, негізгі капиталға инвестицияларды – 1,7 есеге, тамақ өнімдерін өндіруге инвестицияларды – 1,7 есеге арттыруға мүмкіндік береді [15].

Қорытынды.

1. Қазақстанның аграрлық азық-түлік нарығының негізгі сегменті – қазіргі жағдайда мемлекеттің стратегиялық мүдделерінің бағыты және саласы болып келетін астық және оны қайта өңдеу өнімдері нарығы болып табылады.

2. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде астық нарығын өзіндік өндірісі есебінен қанықтыру бірінші кезектегі маңызға ие. Баланстың ресурстық бөлігінде өндірістің үлес салмағының 2018 жылғы 55,36%-дан 2020 жылғы 61,5%-ға дейін өсуі байқалады.

3. Қазақстандағы астық нарығы экспортқа бағдарланған. Талданып отырған кезеңде экспортты қоса алғанда, астықты шығару үлесі 2018 жылғы 22,94%-дан 2020 жылы 20,1%-ға дейін қысқарды. Қазақстан жыл сайын егіннің үштен бірінен астамын экспорттай отырып, бидайдың ірі экспорттаушыларының бірі болып табылады және әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді.

4. Ұн өндірісін 390,1 мың тоннаға қысқарту нәтижесінде ресурстар және астықты қайта өңдеу өнімдерін пайдалану балансының ресурстық бөлігі төмендеудің тұрақты тенденциясы байқалады. Астықты қайта өңдеу өнімдерін пайдаланудағы негізгі үлес салмағы экспортқа тиесілі. Талданып отырған кезеңде ұн экспортының көлемі айтарлықтай қысқарды (720,5 мың тоннаға немесе 30%-ға).

5. Қазақстанда жылына 9,5 млн тонна астық өңдейтін қуаттар бар. Алайда, іс жүзінде қайта өңдеу көлемі ықтимал мүмкіндіктен әлдеқайда аз. Мәселен, 2020 жылдың қорытындысы бойынша елде 3 млн тоннадан астам ұн өндірілді, яғни астықты қайта өңдеу бойынша орташа жылдық қуатты пайдалану пайызы 32,9%-ды құрады. Осы көлемнен экспортқа 1,7 млн тоннадан астам ұн жөнелтілді, яғни өндірілген өнімнің 55,5%-ы ғана.

6. Мемлекет астық пен ұн экспорты бойынша айтарлықтай әлеуетке ие. Қазақстандық ұнның негізгі импорттаушысы Ауғанстан болып табылады (ауған ұн нарығындағы Қазақстанның үлесі шамамен 60%-ды құрайды).

Алайда, тұтастай алғанда, Қазақстанның ұн тарту саласы үшін бұл жағдай тиімді емес. Бұл өндіріс рентабельділігінің төмендеуіне байланысты, өйткені Ауғанстанға жеткізу кезіндегі көлік шығындары Өзбекстанға жеткізу кезіндегіден әлдеқайда жоғары. Өзбекстанға ұн жеткізу жыл сайын қысқаруда. Мәселен, 2020 жылы Өзбекстанға 2019 жылға қарағанда 44,7 мың тоннаға аз ұн экспортталды, оның негізгі себептерінің бірі өз аумағында ұн тарту саласын дамытудың артықшылығын түсінген көрші елдердің ҚР ұнына тосқауыл тарифтер мен баждарды енгізуі болды.

7. Республикада бәсекеге қабілетті өнім жасап қана қоймай, оны шетелдік нарықтарға одан әрі жылжыту мәселесі тұр. Жақын көршілермен сауданы дамыту және экспорт көлемін ұлғайту мақсатында ЕАЭО мемлекеттерінің нарықтарына неғұрлым белсенді шығу қажет, өйткені неғұрлым алыс бағыттарда тиіп-жөнелтуді тежейтін негізгі факторы логистика болып табылады.

Логистикадағы, шикізат пен ұнды тасымалдаудағы қазіргі проблемаларды шешу және ұн тарту саласын дамытуды қолдау үшін экспортқа бағдарланған өнімді мемлекеттік реттеу, оның ішінде ұн тарту саласын қолдаудың экспорттық саясаты мен Жол картасын әзірлеу қажет.

Әдебиеттер тізімі

[1] Мизанбекова, С.К. Зерновое хозяйство – основа функционирования зернопродуктового подкомплекса / С.К. Мизанбекова, Б.Б. Калыкова, Д.А. Айтмуханбетова // Проблемы агрорынка.-2021.-№2.-С.130-137.

[2] Джолдасбаева, Г.К. Развитие зерновой отрасли Республики Казахстан / Г.К. Джолдасбаева, У.С. Есайдар, К.А. Кирдасинова // Проблемы агрорынка.- 2018.-№3.-С.45-53.

[3] Гриднева, Е.Е. Современные тенденции развития рынка пшеницы в Республике Казахстан / Е.Е. Гриднева, Г.Ш. Калиакпарова, О.С. Гусева // Проблемы агрорынка.-2018.-№2.-С.148-154.

[4] Казахстану необходимы новые подходы к развитию АПК [Электронный ресурс].-2020.-URL:https://www.apk-inform.com/ru/news/1507642 (дата обращения: 02.07.2021).

[5] Послание Главы государства К.-Ж. Токаева народу Казахстана. Казахстан в новой реальности: время действий.- 2020.-URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (дата обращения: 14.07.2021).

[6] Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 гг.-Астана, 2018.- 94 с.

[7] Трухачев, В.И. Аграрная экономика Ставропольского края: векторы развития: монография / В.И.Трухачев, Е.И.Костюкова, А.Н.Герасимов и др.- Ставрополь: АГРУС Ставропольского государственного аграрного университета, 2015.-512 с.

[8] Нуралиев, С.У. Экономическая политика и ее роль в повышении конкурентоспособности продукции АПК / С.У. Нуралиев // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий.-2018.-№5.- С.8-10.

[9] Статистический бюллетень "Баланс ресурсов и использования основных продуктов сельского хозяйства Республики Казахстан 2016-2020 годы". Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].- 2021.- URL: http://www.stat.gov.kz (дата обращения: 25.07.2021).

[10] Статистический бюллетень «Баланс производственных мощностей». Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2020.- URL: http://www.stat.gov.kz (дата обращения: 10.07.2021).

скому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2020.- URL: http://www.stat.gov.kz (дата обращения: 10.07.2021).

[11] "Тауар-ел' бөлінісінде СЭҚТН 4 таңбасы бойынша экспорты және импорты. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс].-2021.- URL: http://www.stat.gov.kz/ (қаралған күні: 02.07.2021).

[12] Ответные тарифные меры в отношении импорта из Узбекистана нецелесообразны [Электронный ресурс].- 2020.- URL: https://www.apk-inform.com/ru/news/1508584 (дата обращения: 30.06.2021).

[13] Почему Казахстан перестал быть мировым лидером по экспорту муки [Электронный ресурс].-2021.- URL: https://informburo.kz/stati / pocemu-muka-kazahstana-nikomu-ne-nuzna (дата обращения: 27.06.2021).

[14] Rakhimzhanova, G. The experience of the state support of innovative activity in the developed countries / G. Rakhimzhanova, M. Kenzhebolatova // Problems of AgriMarket.- 2013.- № 3. -С. 25-28.

[15] Мизанбекова, С.К. Совершенствование организации внешнеторговых операций на рынке зерна / С.К. Мизанбекова, А.В. Богомолов, И.Т. Мизанбеков // Международные научные исследования.- 2020.- №1(26).- С.157-165.

References

[1] Mizanbekova, S.K. & Kalykova, B.B. & Aitmuhanbetova, D.A. (2021) Zernovoe hozjajstvo – osnova funkcionirovanija zernoproduktovogo podkompleksa [Grain farming is the basis for the functioning of the grain product subcomplex]. *Problemy agrorynka -Problems of Agrimarket*, 2, 130-137 [in Russian].

[2] Dzholdasbaeva, G.K. & Esajdar, U.S. & Kirdasinova, K.A. (2018) Razvitie zernovoj otrasli Respubliki Kazahstan [Development of the grain industry in the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of Agrimarket*, 3, 45-53 [in Russian].

[3] Gridneva, E.E. & Kaliakparova, G.Sh. & Guseva, O.S. (2018) Sovremennye tendencii razvitija rynka pshenicy v Respublike Kazahstan [Modern trends in the development of the wheat market in the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of Agrimarket*, 2, 148-154 [in Russian].

[4] Kazahstanu neobhodimy novye podhody k razvitiju APK [Kazakhstan needs new approaches to the development of the agro-industrial complex]. – 2020 - Available at: https://www.apk-inform.com/ru/news/1507642 (date of access: 02.07.2021) [in Russian].

[5] Poslanie Glavy gosudarstva K.-Zh. To-kaeva narodu Kazahstana. Kazahstan v novoj real'nosti: vremja dejstvij (2020) [Message from the Head of State K.-J. Tokayev to the people of Kazakhstan. Kazakhstan in a new reality: time for action] - Available at: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaevanarodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (date of access: 14.07.2021) [in Russian].

[6] Gosudarstvennaya programma razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017-2021 gody (2017) [The State program for the development of the agroindustrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021]. Astana, 94 p. [in Russian].

[7] Truhachev, V.I., Kostjukova, E.I., Gerasimov A.N. i dr. (2015) Agrarnaja jekonomika Stavropol'skogo kraja: vektory razvitija: monografija [Agrarian economy of the Stavropol Territory: vectors of development: monograph] – Stavropol': AGRUS Stavropol'skogo gosudarstvennogo universiteta, 512 p.

[8] Nuraliev, S.U. (2018) Jekonomicheskaja politika i ee rol' v povyshenii konkurentosposobnosti produkcii APK [Economic policy and its role in increasing the competitiveness of agricultural products]. *Jekonomika sel'skohozjajstvennyh i pererabatyvajushih predpriyatij - Economics of agricultural and processing enterprises*, 5, 8-10 [in Russian].

[9] Statisticheskij bjulleten' "Balans resursov i ispol'zovanija osnovnyh produktov sel'skogo hozjajstva Respubliki Kazahstan 2016-2020 gody". Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan [Statistical bulletin "Balance of resources and use of basic agricultural products of the Republic of Kazakhstan 2016-2020". Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. – 2021 - Available at: <http://www.stat.gov.kz/> (date of access: 25.07.2021) [in Russian].

[10] Statisticheskij bjulleten' «Balans proizvodstvennyh moshhnostej». Bjuro nacional'noj

statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan [Statistical Bulletin "Balance of Production Capacities". Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. – 2020 - Available at: <http://www.stat.gov.kz/> (date of access: 10.07.2021) [in Russian].

[11] "Tauar-el' belinisinde SJeKTN 4 tañbasy bojynsha jeksporty zhəne importy. Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq zhosparlau zhəne reformalar agenttigi Ylttyq statistika bjurosy [Export and import according to 4 signs of the Customs nomenclature of foreign economic activity in the context of "commodity-country". National Bureau of Statistics of the Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and Reforms]. – 2021 - Available at: <http://www.stat.gov.kz/> (date of access: 02.07.2021) [in Kazakh].

[12] Otvetnye tarifnye mery v otnoshenii importa iz Uzbekistana necelesoobrazny [Retaliatory tariff measures for imports from Uzbekistan are inappropriate] [Electronic resource]. – 2020. Available at: <https://www.apk-inform.com/ru/news/1508584> (date of access: 30.06.2021) [in Russian].

[13] Pochemu Kazahstan perestal byt' mirovym liderom po jeksportu muki [Why Kazakhstan has ceased to be the world leader in flour export] [Electronic resource]. – 2021 - Available at: <https://informburo.kz/stati/pocemu-muka-kazahstana-nikomune-nuzna> (date of access: 27.06.2021) [in Russian].

[14] Rakhimzhanova, G. (2013) The experience of the state support of innovative activity in the developed countries / G. Rakhimzhanova, M. Kenzhebolatova // *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 3, 25-28.

[15] Mizanbekova, S.K. & Bogomolov, A.V. & Mizanbekov, I.T. (2020) Sovershenstvovanie organizacii vneshnetorgovyh operacij na rynke zerna [Improvement of the organization of foreign trade operations in the grain market]. *Mezhdunarodnye nauchnye issledovanija - International scientific research*, 1(26), 157-165 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Бельгибаева Анаргуль Сарсенбаевна - негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент; «Экономика және есеп» кафедрасының профессоры; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті; 020000 Абай көш., 76, Көкшетау қ., Қазақстан; e-mail: anargul.belgibayeva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5583-0624>.

Ашимова Индира Дарбайқызы; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент; «Экономика және есеп» кафедрасының меңгерушісі; Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті; 020000 Абай көш., 76, Көкшетау қ., Қазақстан; e-mail: indira1980_08@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0793-4311>.

Кулиш Наталья Валентиновна; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент; «Бухгалтерлік қаржылық есеп» кафедрасының доценті, Ставрополь мемлекеттік аграрлық университеті; 355017 Зоотехникалық түйік көш., 12, Ставрополь қ., Ресей; e-mail: Kulichn@yandex.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7693-5289>.

**Information about authors:**

Belgibayeva Anargul Sarsenbayevna – **The main author**; Candidate of Economic Sciences, Associated Professor; Professor of the Department of Economics and Accounting; Sh. Ualikhanov Kokshetau University; 020000 Abay str., 76, Kokshetau, Kazakhstan; e-mail: anargul.belgibayeva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5583-0624>.

Ashimova Indira Darbayevna; Candidate of Economic Sciences, Associated Professor; Head of the Department of Economics and Accounting; Sh. Ualikhanov Kokshetau University; 020000 Abay str., 76, Kokshetau, Kazakhstan; e-mail: indira1980_08@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0793-4311>.

Kulish Natalia Valentinovna; Candidate of Economic Sciences, Associated Professor; Associate Professor of the Department of «Financial Accounting»; Stavropol State Agrarian University; 355017 Zootechnical Lane, 12, Stavropol, Russian; e-mail: Kulichn@yandex.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7693-5289>

Информация об авторах:

Бельгибаева Анаргуль Сарсенбаевна – **основной автор**; кандидат экономических наук, доцент; профессор кафедры «Экономика и учет»; Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова; 020000 ул.Абая, 76, г. Кокшетау, Казахстан; e-mail:anargul.belgibayeva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5583-0624>.

Ашимова Индира Дарбаевна; кандидат экономических наук, доцент; заведующая кафедрой «Экономика и учет»; Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова; 020000 ул.Абая, 76, г. Кокшетау, Казахстан; e-mail: indira1980_08@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0793-4311>.

Кулиш Наталья Валентиновна; кандидат экономических наук, доцент; доцент кафедры «Бухгалтерский финансовый учёт»; Ставропольский государственный аграрный университет; 355017 пер. Зоотехнический, 12, г.Ставрополь Россия; e-mail: Kulichn@yandex.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7693-5289>